



22 қазан, бейсенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

САПАР

3 Түрлене түскен теңізді өлке



ТАҒЫЛЫМ

4 Бір қажылық сапардың тарихы



ТАРИХ

5 Жосалы механикалық зауыты



КЫЛМЫС

6 Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Президенті:

«БАСТЫСЫ – УАҚЫТЫЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ»

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен «Ақорда» резиденциясында Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің бірінші отырысы өтті.

Жиында Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің мүшелері: ҚР Президентінің кеңесшісі – Реформалар жөніндегі жоғары кеңес Төрағасының орынбасары Сэр Сума Чакрабарти, Премьер-Министр Асқар Мамин, Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттіктің төрағасы Қайрат Келімбаев, сондай-ақ, шетелдік беделді сарапшылар – Андрес Веласко, лорд Френсис Мод және лорд Филлип Хаммонд баяндама жасады.

Мемлекет басшысы сөйлеген сөзінде ел азаматтарының тың тәсілдер мен тиімді шешімдер күтетінін, мұндай сәтте Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Президенттің айтуынша, Кеңес ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға және тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға байланысты аса күрделі мәселелер бойынша шешімдер қабылдайтын болады.

Президент өз сөзінде Кеңес қызметі басқа консультативтік-кеңестік органдардан түбегейлі ерекшеленуі тиіс екенін, қоғамдағы өзекті мәселелерді немесе түйінді түйткілдерді жасырмай ашық айту қажет екенін атап өтті.

– Деректерді тізіп, қалыптасқан жағдайды сипаттаумен шектелуге болмайды. Бастысы – уақытылы шешім қабылдау. Кеңес іс жүзінде жүзеге аспайтын, алдын ала әзірленген ұсыныстарды құптап қана отырмауы тиіс. Кеңес мекемелерлік ұзақ дауларға нүкте қоюы керек. Ұлттық экономиканы басқаруда, қоғамдық дамуда, институционалды реформалар жүргізуде жаңа бағыттар ұсынуға міндетті. Өрине, қазіргі жұмыстарды да бақылауы тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Кеңестің келесі отырысында мемлекеттік жоспарлау жүйесіндегі жаңа тәсілдерді қарастыруды және осы мәселе бойынша шешім қабылдауды ұсынды.

– Біз әрбір салада мемлекеттің мақсаттары мен даму кезеңдерін айқындайтын бағдарламалық құжаттардың икемді архитектурасын құруымыз керек. Жүйе бюджеттік жоспарлаумен байланыстырылған және мемлекеттік органдар басшыларының жүктелген міндетін орындауына тікелей жауапты екенін бекітеді. Жоғары кеңестің шешімдерінің орындалуын, ұлттық жобалардың жүзеге асырылуын, реформаларды жобалық басқару қағидаларының енгізілуін қамтамасыз ету маңызды. Қазіргі кезеңде бұл – Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттіктің негізгі міндеті, – деді Қазақстан Президенті.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев орта мерзімді перспективадағы іс-қимылдарға негіз болуға тиісті Ел дамуының 2025 жылға дейінгі стратегиялық жоспарына назар аударды. Аталған құжатта дамудың жаңа күн тәртібі жасалады.

Мемлекет басшысы Үкіметтің Стратегиялық жоспардың алғашқы нұсқасын әзірлегенін, енді оны Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттікпен бірлесіп, соңына дейін жеткізу және Жоғары кеңес мүшелерімен талқылау, сондай-ақ, соңғы нұсқасын келесі жиында Премьер-Министрге ұсыну қажеттігін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев берілетін бастапқы мәліметтердің сапасында, әсіресе, ведомстволық статистикада түйткілді мәселелер барын айтты. Статистика комитетін Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттікке беру бұл проблеманы шешуге септігін тигізуі тиіс.

Фактологиялық мәліметтердің шынайылығын және олардың сапалы түсіндірілуін қамтамасыз етуге бағытталған реформаларды әзірлеу керек. Экономикалық, демографиялық және басқа да үдерістерді дұрыс модельдеу, әзірленген шешімдерді қабылдау үшін дұрыс болжам жасау мақсатында үлкен деректерді өңдеудің тетіктерін пайдалану қажет, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттікке Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш

өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп, аталған мәселені мұқият пысықтауға және ахуалды жақсарту үшін нақты ұсыныстар енгізуге тапсырма берді.

Кездесуде Қазақстан Президенті «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы жайында да айтты. Ол жұмыс барысында үкіметтік емес ұйымдар мен жекелеген азаматтардың бейтарап пікірлерін ескеру қажеттігін атап өтті.

Мемлекет басшысы Кеңес шеңберінде реформалаудың әрбір маңызды бағыты бойынша алты жұмыс тобын құруды ұсынды. Жұмыс топтарының құрамына Кеңес мүшелерінен бөлек, лауазымды тұлғалар, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, халықаралық және отандық тәуелсіз сарапшылардың кіру мүмкіндігі бар.

Қасым-Жомарт Тоқаев бірінші топ ретінде Сума Чакрабартидің басшылығымен тиімді макроэкономикалық саясат тобын құруды ұсынды. Бұл топ ақша-несие және бюджет саясатының тиімділігі, салық жүйесі, қаржы секторының тұрақтылығын қамтамасыз ету сияқты міндеттерді іске асыруды көздеуі керек.

Екінші топ, Президент Әкімшілігінің Басшысы Ерлан Қошановтың жетекшілігімен сот және құқық қорғау жүйесін реформалаумен айналысуы қажет. Президент аталған бағытта ауқымды жұмыс атқару керек деп санайды. Сондықтан көзбояушылыққа жол берілмеуі тиіс.

Мемлекет басшысы әлеуметтік саланы қайта жаңғыртуға арнайы топ жұмылдырылатынын айтты. Ол өзінің тікелей тапсырмасымен Қазақстан үшін мүлде жаңа құжат, атап айтқанда, Әлеуметтік кодекстің әзірленіп жатқанына тоқталды.

– Шын мәнінде, бұл құжат жекелеген адам мен мемлекет арасындағы қарым-қатынасты жүйелеуге, олардың өзара міндет-мелерін айқындауға, сондай-ақ, қазақстандықтарға берілетін төменгі әлеуметтік кепілдіктерді бағамдауға арналған. Яғни, құжатта азаматтардың балабақшаға барғанына зейнетке шыққанға дейінгі өмірі толық қамтылған, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар экономиканың әртараптануы бойынша да топ құрылады. Мемлекет басшысы еліміз үшін бұдан басқа жол жоқ екеніне сенімді. Дегенмен, оның пікірінше, нақты жұмыс істейтін тетіктер әлі де жеткіліксіз.

– Әзірге шикізат өндіру, алыпсатумен айналысу және мемлекеттік тапсырысқа «иек артып отыру» әлдеқайда тиімді, – деді Мемлекет басшысы.

Жоғарыда аталған екі топтың жұмысы Премьер-Министрдің басшылығымен ұйымдастырылады.

Бесінші топтағы Үкімет пен «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері бизнесті реттеу мәселелерімен айналысады.

Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасары Тимур Сүлейменов басқаратын алтыншы топ заманауи мемлекеттік басқару және тиімді мемлекеттік қызмет мәселелерін бақылауға алатын болады.

– Біздің алдымызда мемлекеттік аппаратты жаңа сапалы деңгейге көтеру мәселесі тұр. Ол нақты нәтижелерге қол жеткізу үшін өзіне жауапкершілік алатын, қандай да бір шешім қабылдағанда мейлінше икемді әрі қуырғетті болуы керек. Бұл жерде көп нәрсе заманауи цифрлық технологияларды енгізуге байланысты. Аталған мәселеде ешқандай келергі болмауы тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Сөз соңында Қазақстан Президенті ұзақ ойлануға уақыт жоқ екенін, жұмыс топтарының алдында мемлекеттік қызмет міндеттер тұрғанын атап өтті.

– Келесі жылы ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығын атап өтеміз. Бұл айтулы датаны мерекелік іс-шаралармен емес, нақты істермен қарсы алуымыз керек. Тәуелсіздігіміздің 30-жылына қуатты, өнімді еңбекпен жеткен абзал. Бұл жерде, ең алдымен, азаматтарымыздың әл-ауқатын арттыруға бағытталған тиімді реформалар жөнінде сөз болып отыр, – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі және мәслихат депутаттары сайлауын тағайындау туралы ҮНДЕУІ



Құрметті отандастар!

Бүгін мен Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауын тағайындау туралы Жарлыққа қол қойдым. Орталық сайлау комиссиясының қаулысымен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының сайлауы тағайындалады.

Алдағы сайлау конституциялық мерзімге сәйкес, 2021 жылдың 10 қаңтарында өтеді. Барлық саяси партиялардың бұл сайлау науқанына қатысуға дайындалуына, сайлау алдындағы платформасын әзірлеуіне, партиялық инфрақұрылымдарды жетілдіруіне уақыты жеткілікті болды.

Орталық сайлау комиссиясы мен Бас прокуратура сайлаудың бұдан басқа жол жоқ екеніне сенімді. Дегенмен, оның пікірінше, нақты жұмыс істейтін тетіктер әлі де жеткіліксіз.

Жаңа сайлау науқанына дейін саяси жаңғыру, көппартиялықты дамыту және еліміздің қоғамдық-саяси өміріне азаматтардың қатысу аясын кеңейту жөнінде шаралар қабылданды.

Бірінші. «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» конституциялық заңға және «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» заңға түзетулер енгізу арқылы парламенттік оппозиция институтын құру мәселесін қарастыратын және оның қызметін регламенттейтін өзгерістер мен толықтырулар жасалды.

Енді Парламент Мәжілісі тұрақты комитеттерінің бір төрағасы мен екі хатшысы парламенттік оппозиция депутаттары арасынан сайланады.

Сонымен қатар, парламенттік оппозиция бір сессия кезінде кемінде бір рет парламенттік тыңдау откізу жөнінде бастама қотеру құқығын иеленеді. Сондай-ақ бір сессия кезінде кемінде екі рет үкімет сағатының күн тәртібін айқындайтын болады.

Бұдан бөлек, саяси партиялар фракцияларының жетекшілеріне Парламент

палаталарының бірлескен отырыстарында, Парламент Мәжілісінің пленарлық отырыстарында, тұрақты комитеттердің, жұмыс топтарының отырыстарында, парламенттік тыңдауларда және басқа іс-шараларда сөз сөйлеуге кепілді құқық берілді.

Екінші. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» конституциялық заңға және «Саяси партиялар туралы» заңға қарастырылған ережелер бойынша парламенттік тәжірибемізде алғаш рет партиялық тізімге әйелдер мен жастар үшін 30 пайыздық квота енгізілді. Бұл норма Парламентке және жергілікті өкілді органдарға әйелдер мен жастарды тартудың тиімді жолы ретінде олардың еліміздегі қоғамдық-саяси үдерістерге белсенді қатысуына септігін тигізеді.

Үшінші. Алдағы мәслихаттар сайлауы алғаш рет партиялық тізім бойынша өтеді. Пропорционалды модель әлемдік демократиялық тәжірибеге толық сай келеді, саяси жүйені нығайтуға, демокра-

тияны дамытуға ықпал етеді, саяси партиялардың жұмысын жандандырады.

Бұл жаңа бастамалар партияларға еліміздің саяси жүйесіндегі ұстанымын нығайту үшін қосымша мүмкіндіктер береді.

Коронавирус пандемиясы салдарынан туындаған күрделі экономикалық дағдарыс көптеген елді қамтыды, сондай-ақ, бүкіләлемдік экономикаға кері әсер етті.

Қазіргі күрделі кезеңде Қазақстанның алдында дағдарысқа қарсы тиімді шаралар қабылдау, орнықты экономикалық дамуды және азаматтарымыздың әлеуметтік игілігін қамтамасыз ету, халықтың әл-ауқатын арттыру міндеті тұр.

Осы басымдықтар жөнінде менің Қазақстан халқына арнаған Жолдауыма айтылды.

Парламенттің және жергілікті өкілді органдардың жаңартылған құрамы еліміздегі әлеуметтік-экономикалық реформаларды сапалы әрі заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етуге баса мән береді.

Алдағы сайлау еліміздің саяси жүйесін жаңартуға қамтамасыз ететін саяси институттарды дәйекті түрде демократияландыруға және жаңғыртуға Қазақстанның аса ықпалды екенін тағы да бір дәлелдейтін болады.

Біздің ортақ миссиямыз – Қазақстанды өркендету, азаматтарымыздың игілігі үшін қызмет ету. Қазақстан халқы аса маңызды тарихи сындарлы сәттерде бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара білді. Халқымыз осы жолы да елімізді жан-жақты жаңғырту бағытындағы жаңа тарихи миссиясын лайықты атқарады деп сенемін. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында еліміз кемелдене түсіп, дамудың жаңа кезеңіне шығатынымыз анық.

Мемлекетіміздің барлық азаматтарын белсенді азаматтық ұстанымын танытуға, Парламент Мәжілісінің және мәслихаттардың алдағы сайлауына ұйымшылдықпен қатысуға шақырамын.

21 қазан 2020 жыл

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезекті сайлауын тағайындау туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 2) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 85-бабына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Партиялық тізімдер бойынша сайланатын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезекті сайлауы 2021 жылғы 10 қаңтарға тағайындалсын.

2. Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезекті сайлауы 2021 жылғы 11 қаңтарға тағайындалсын.

3. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезекті сайлауын дайындауды және өткізуді ұйымдастырсын.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезекті сайлауын ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету бойынша қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда,
2020 жылғы 21 қазан
№ 439

● ПҚР-ПАЙЫМ

САЯСИ ЖАҢҒЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА ӨТЕДІ

Күні кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі және мәслихат депутаттары сайлауын тағайындау туралы үндеуін жариялады. Саяси науқан енді санаулы күннен кейін бастау алады. Дәлірек айтқанда, бұл шараның осыдан біршама уақыт бұрын басталғанын ескерсек, еліміздің саяси тұрғыда жаңа қадамдарға барып жатқанының куәсі болдық.

Үндеуде Президент бірқатар саяси мәселелердің алдын ала шешімін тапқанын атап көрсетті. Нақты айтқанда, жаңа сайлау науқанына дейін елімізде саяси жаңғыру, көппартиялықты дамыту және еліміздің қоғамдық саяси өміріне азаматтардың қатысу аясын кеңейту жөнінде шараларды қабылдаған болатын. Оның ең бастысы, халықтың көптен күткеніндей, Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы заңға түзетулер енгізіліп, парламенттік оппозиция институтын құруға қатысты өзгерістер мен толықтырулар жасалды. Сонымен бірге саяси партиялар фракцияларының

жетекшілеріне пленарлық отырыстарда, тұрақты комитеттерде сөз сөйлеуге кепілдік берілді. Парламенттік тәжірибеде алғаш рет партиялық тізімге әйелдер мен жастар үшін 30 пайыздық квота енгізілді. Осының барлығы алдағы Парламенттің қызмет аясын анағұрлым кеңейтуге мүмкіндік беріп, еліміздің демократиялық бағыттағы нақты қадамдар жасағанының негізі болып табылады.

Қазақстан дамудың жаңа жолын айқындады. Бұл, әсіресе, бүкіл әлемде дағдарыс сипаты шарпыған дәуірде аса маңызды болып табылады. Демократиялық ұстанымдар арқылы халықтың мүддесін көздейтін ең тиімді шешім қабылдау алдағы уақытта халық қалаулыларының қаншалықты білікті екеніне байланысты болады. Ал осыған лайықтыларды таңдау біздің өзімізге тікелей байланысты екенін атап өткім келеді.

Қорғанбек ҚАЙРУЛЛАЕВ,
Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері

ІЛГЕРІ БАСУДЫҢ СЕРПІНДІ ҚАДАМЫ

Бүкіл әлемдегі сияқты Қазақстан да қазір күрделі кезеңді бастан өткеруде. Уақыт тын бастамаларды, өзгерістерді талап етуде. Соңғы жылдары Қазақстан демократиялық үрдістерге жаңа серпін беріп, ел өмірін жаңғыртудың жолдарын іздестіруде. Бұл орайда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қоғамды демократияландыруға деген бағытты қадамдары құптауға лайық.

Президент кеше ҚР Парламентінің Мәжілісі және мәслихат депутаттары сайлауын тағайындау туралы үндеуін жариялады. Саяси шараның мерзімі белгіленді. Сонымен бірге Мемлекет басшысы үлкен саяси науқанның табысты өтуі үшін оның алдын ала алғы шарттары жасалғанын атап көрсетті. Бұдан шығатын қорытынды сайлау бұрынғыдан өзгешелеу сипатта болады.

Оның демократиялық деңгейде өтетініне сенімдіміз мол. Себебі, Президент қоғамның саяси өміріне азаматтардың қатысу аясын кеңейтуді алдын ала тиісті шаралармен қамтамасыз еткен болатын. Осы бағытта қажетті шешімдер қабылданды. Парламенттік оппозиция өкілдеріне сессия кезінде бірқатар артықшылықтар берілетін болды. Осының барлығын Президенттің кепілдігі деп түсінгеніміз абзал. Өйткені, Қазақстан әлемдік өркениеттің құрамдас бөлігі ретінде алға жылжудың батыл қадамдарын жасап отыр. Бұл алдағы сайлаудың басты ерекшелігі болады деп есептеймін.

Уәлихан ИБРАЕВ,
облыстық "Рухани жаңғыру" орталығының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ ОРТАҚ

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен облыстық төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті. Оған облыстық департамент, басқарма басшылары және тиісті сала мамандары қатысты. Сондай-ақ, аудан әкімдері селекторлық байланысқа қосылды. Күн тәртібінде ықтимал су тасқынының алдын алу шаралары, облыс аумағындағы эпизоотиялық ахуал, өңірдегі қазіргі эпидемиологиялық жағдай және алдағы атқарылатын шаралар таразыланды.

Сб Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»

МОЛ СУҒА ТОСҚАУЫЛ ҚАЖЕТ

— Алдағы кезеңде де дария арнасымен облысқа мол су келуі әбден мүмкін. Оған дайындыққа қазірден баса назар аударылды. Өзен бойындағы қорғаныс бөгеттерінің тұсы қауіпті 56 су басу аймақтарына бөлінген. Мұндай орындарға жауапты ретінде 122 мекеме бекітілген. Қауіпті тұстарды қадағалауға 432 техника күші мен 1500-ге жуық адам тартылады. Қазір оған қажетті 76,7 мың тонна жанармай, 99 мыңнан астам қап, 27,7 мың бау қамыс және пашын, қарабура секілді дүниелер қолда бар. Биыл 643,5 млн теңге қорғаныс бөгетін нығайту, мұз жару жұмыстары, қап сатып алу және өзге де мақсаттарға қаралған, — деді облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы Медет Усаин.

Биыл жылдағыдай өзен бойындағы қорғаныс бөгетін нығайту және арнаны қазу жұмыстары жалғасын тапты. Нәтижесінде қауіпті 11 учаскені жөндеуге назар аударылды. Осы орайда облыс әкімі тиісті сала басшыларына барлық сақтық шараларына мән беру қажеттігін атап өтті. Су тасқынының алдын алу мақсатында бөлінген қаржы мен жұмыстың сапалы атқарылуы қатаң бақылауға алынатынын жеткізді. — Айта кетерлігі, енді 1-2 айдың шамасында өзен арасында мұз қата бастайды. Сол себепті алдағы уақытта атқарылатын маңызды жұмыстар бар. Атап айтқанда, Қармақшы ауданына қарасты Абыла елді мекені тұсындағы Тойымбет каналына екі су тоспасын салу қажеттілігі туындап отыр. Дәл осындай бір көзді тоспа Жанақорған ауданындағы Өзген көліне де қажет. Бұл жұмыстар жедел жүргізілуі тиіс. Сондай-ақ, Қазалы ауданының Тасарық, Қызылқұм

елді мекендерін су басудан қорғауға мән беруіміз тиіс. Осы мақсатта Қуандария каналына үш көзді су тоспасы салынады. Аталған істің жобалық-сметалық құжатын әзірлеу және құрылысын салуға қаржы қарастыру мақсатында бюджеттік өтінім жолдансын, — деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы тиісті сала басшыларына су басу аймақтарына жақын аумақтарға қажетті жұмыстарды ұйымдастыруды міндеттеді. Оған қоса «Шардара» су қоймасынан Сырдария өзенінің төменгі ағысына күз-көктем айларында түсетін су көлемінің бекітілген кестеге сәйкес босатылуы үнемі бақылауда ұсталуы тиіс.

ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КҮШЕЙТІЛЕДІ

Биыл облыста төрт түліктің бабын жасап жүрген кейбір шаруалар мал шығынына ұшырады. Облыстың солтүстігінде түйе қырылса, Жанақорған ауданында жылқы шығыны болды. Елімізде тіркелген құс тұмауына қарсы біздің облыста қандай шаралар қолға алынды?

Облыстық ветеринария басқармасының басшысы Ерұлтан Алетовтың айтуынша, ауру ошақтарын болдырмау, оның алдын алу, эпизоотиялық тұрақтылықты сақтау мақсатында тиісті жұмыстар жасалады. Елімізде аса қауіпті 14 түрлі жұқпалы аурудың алдын алуға тиісті қаржы бөлінеді. Биыл республикалық бюджет есебінен қаралған қаржы есебінен 5542,4 мың доза ветеринариялық препарат облысқа жеткізілді. Жыл басынан бері 57,6 мың ірі қара, 258,4 мың бас уақ мал, 27,5 мың бас жылқы, 8,3 мың бас түйе бірдейлендіріліп, дереккөз жүйесіне енгізілген.

— Облыс бойынша құс тұмауының ал-

дын алу жұмыстарын қатаң қадағалап отырмыз, 96,8 мың доза ветеринариялық препарат жеткізілді. Үй құстарына вакцина егілді, — деді басқарма басшысы.

Осы орайда облыс әкімі аурудың алдын алу және болдырмау мақсатында тиісті жұмыстар өз деңгейінде жүргізілуі тиіс екенін атап өтті. Ең алдымен тұрғындар арасында тұрақты түрде түсіндірме жүргізілуі шарт.

КАТЕРЛІ ІНДЕТПЕН КҮРЕС ТОЛАСТАМАЙДЫ

Жиын барысында өңірдегі қазіргі эпидемиологиялық жағдай таразыға тартылды. Бүгінде 18 науқас стационарлық режимде, 1 науқас жансақтау бөлімінде ем алуда. Эпидмаусым басталғаннан бері жұмысқа тартылған 13 мыңнан астам қызметкерге тиісті қаржы төленді. Он айдың қорытындысына сүйенсек, медициналық құралдармен жабдықтау жағдайы 88,5 процентті құрады. Инфекциялық стационарлардың реанимация бөлімінің құралдармен жабдықтау көрсеткіші де жоғарылады. Қазір 244 ИВЛ аппараты бар. Одан бөлек, гуманитарлық көмек арқылы өңірдегі медициналық ұйымдарға 658 оттегі концентраторы жеткізілді, — деді облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов.

Бүгінде 24 мониторингтік топ облыс орталығы мен барлық ауданда 3 мыңға жуық нысанға рейдтік тексеру жүргізді. Мониторинг барысында 631 заң бұзушылық анықталып, тиісті айыппұл салынған.

— Қазір ел арасында қауіпсіздік шаралары сақтала бермейді, отбасылық іс-шараларға тоқтау болмай тұр. Кафе, мейрамхана иелеріне қаншама мәрте ескерту берілді. Тіпті, айыппұл салынып та жатыр. Соған қарамастан келенсіздік тыйылар емес. Мемлекеттік мекемелерде де сақтық шараларына назар аударылуы тиіс. Талап ортақ, карантин шараларының іске асуына бізміз жауаптымыз, — деді облыс әкімі.

Жиын соңында облыс әкімі тұрғындарды санитарлық талаптарды қатаң сақтауға шақырды. Сонда ғана қатерлі індетті жеңу жолында нақты нәтижеге қол жеткізуге болады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУДЫ ТАҒАЙЫНДАУ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ ЖӨНІНДЕГІ КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАРЛАРДЫ БЕКІТУ ЖӘНЕ САЙЛАУ ҚҰЖАТТАРЫНЫҢ НЫСАНДАРЫН БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ

21 қазанда Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының отырысы өтті. Отырысқа саяси партиялардың өкілдері, Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Жансейіт Түймебаев, БКБ режимінде облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының аумақтық сайлау комиссиялары, онлайн режимінде бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Отырыста келесі мәселелер қарастырылды:

1. "Партиялық тізімдер бойынша сайланатын Мәжіліс депутаттарының кезекті сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекіту туралы";
2. "Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Мәжіліс депутаттарының кезекті сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекіту туралы";
3. "Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының кезекті сайлауын тағайындау туралы";
4. "Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының кезекті сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың үлгі күнтізбелік жоспарын бекіту туралы";
5. "Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттарын сайлау жөніндегі Сайлау құжаттарының нысандарын белгілеу туралы".

Отырысты ашқан Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы Берік Ишашев Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес бүгінгі күнінен бастап Мәжіліс депутаттарын сайлау бойынша сайлау науқаны басталғандығы туралы айтты.

Б.Ишашев 2016 жылғы 20 наурызда сайланған Мәжіліс депутаттарының конституциялық өкілеттік мерзімі 2021 жылғы наурызда аяқталатынын атап өтті.

Сайлау заңнамасына сәйкес Мәжіліс депутаттарының кезекті сайлауын Президенті кемінде бес ай бұрын тағайындайды және ол Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 2 ай бұрын өткізіледі.

Осылайша, Парламент Мәжілісінің депутаттарын сайлау науқаны көрсетілген конституциялық мерзімдерге сәйкес қатаң түрде тағайындалды және кезекті болып табылады. Сонымен қатар ол жоғары өкілді органды сайлау — елдегі ең маңызды қоғамдық-саяси оқиғалардың бірі екенін атап өтті.

"Партиялық тізімдер бойынша сайланатын Мәжіліс депутаттарының кезекті сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекіту туралы" бірінші мәселе бойынша Орталық аумақтық комиссияның орынбасары Константин Петров баяндама жасады.

Ол Орталық сайлау комиссиясы белгіленген өкілеттіктерге сәйкес Қазақстан Республикасы Президенті мен Парламенті Мәжілісі депутаттарының сайлауын дайындау мен өткізуді ұйымдастыратынын хабарлады.

Осыған байланысты, қолданыстағы заңнама нормалары негізінде партиялық тізімдер бойынша сайланатын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары бекітілді.

Парламент Мәжілісінің депутаттарына оның аумағында соңғы 10 жылда тұрақты тұрып жатқан, 25 жасқа толған және бәсең сайлау құқығына ие Қазақстан Республикасының азаматы кандидат бола алады.

Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарына, оның ішінде партиялық тізімдер бойынша кандидат бола алмайды:

- 1) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам;
- 2) сот заңда белгіленген тәртіппен сыйбалас жемқорлық қылмыс және сыйбалас жемқорлық құқық бұзушылық жасауда кінәсі мойындалған адамды білдіреді.

Партиялық тізімдер бойынша сайланатын Мәжіліс депутаттарына кандидаттар ұсыну құқығы белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партияларға тиесілі.

Саяси партия партиялық тізімдерді бекіту кезінде оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде отыз проценті мөлшерінде әйелдер мен жиырма тоғыз жасқа толмаған адамдарды қамтиды.

Бекітілген жоспарға сәйкес кандидаттарды ұсыну кезеңі дауыс беру күнінен екі ай бұрын басталады және дауыс беру күнінен қырық күн бұрын жергілікті уақытпен сағат он сегізде аяқталады. Яғни, ағымдағы жылғы 10 қарашадан бастап 30 қараша күнгі сағат 18:00-ге дейін.

Партиялық тізімдерді тіркеу сайлаудан екі ай бұрын басталады және сайлауға бір ай қалғанда жергілікті жобаларды қолдап, дауыс берді. Сессияда күн тәртібіне енгізілген өзге де мәселелер бойынша талқылаулар болып, тиісті шешімдер қабылданды.

айқалған кезден басталады және сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады.

Осылайша, партиялық тізімдер бойынша сайланатын Парламент Мәжілісі депутаттарының кезекті сайлауының жалпы ұзақтығы тағайындалған күннен бастап дауыс беру күніне дейін 82 күнді құрайды.

Отырыстың екінші мәселесі бойынша "Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Мәжіліс депутаттарының кезекті сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекіту туралы" Орталық аумақтық комиссиясының орынбасары Ерлан Дауылбаев сөз сөйледі.

Е.Дауылбаев Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Мәжіліс депутаттарының сайлауын әзірлеу мен өткізуді қамтамасыз ету Орталық сайлау комиссиясына және Республикалық маңызы бар қалалық комиссияға жүктелетінін баяндады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Мәжіліс депутаттарына оның аумағында соңғы 10 жыл тұрақты тұрып жатқан, жиырма бес жасқа толған, бәсең сайлау құқығына ие, өтелмеген немесе алынбаған соттылығы жоқ, сондай-ақ сыйбалас жемқорлық қылмыс және сыйбалас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін соттылығы жоқ Қазақстан Республикасының азаматы кандидат бола алады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Парламент Мәжілісінің депутаттарына кандидаттар ұсыну құқығы Ассамблея Кенесіне тиесілі.

Кандидаттарды ұсыну бір ай бұрын — ағымдағы жылғы 11 желтоқсанда басталады және сайлауға жиырма күн қалғанда — ағымдағы жылғы 22 желтоқсанда жергілікті уақытпен сағат он сегізде аяқталады.

Сайлау алдындағы үгіт кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған соңтан басталады, яғни 27 желтоқсанда сағат 18:00-ден басталады және сайлау болатын күннің алдындағы күні — 2021 жылғы 10 қараша жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауы Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясында өткізіледі.

Отырыстың үшінші мәселесіне көшу кезінде Орталық аумақтық төрағасы Б.Ишашев "ҚР сайлау туралы" Заңына енгізілген өзгерістерге сәйкес мәслихаттар депутаттары алғаш рет партиялық тізімдер бойынша сайланатынын атап өтті. Мәслихаттар депутаттары сайлаудың бара-бар жүйесіне көшу 2007 жылғы конституциялық реформаның қисынды жағдайы болып табылады және республикалық және жергілікті деңгейлерде өкілді органдарды құру жөніндегі тәсілдерді біріздендіреді.

"Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының кезекті сайлауын тағайындау туралы" үшінші мәселе бойынша Орталық аумақтық комиссияның орынбасары Константин Петров баяндама жасады.

Ол "Қазақстан Республикасының сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында Орталық сайлау комиссиясының мәслихаттардың кезекті сайлауын тағайындау өкілеттігі көзделгенін хабарлады.

Барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының кезекті сайлауы бір мезгілде өткізіледі және мерзімі жағынан Президентті, Парламент Сенаты депутаттарын сайлаумен тұспа-тұс келмеуге тиіс.

Мәслихаттар депутаттарын сайлауды Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттары сайлаумен бір мезгілде өткізу бойынша шектеулер жоқ.

Осыған байланысты мәслихаттар депутаттарының кезекті сайлауын 2021 жылғы 10 қараша тағайындау ұсынылды.

К.Петров Мәжіліс депутаттары мен мәслихат депутаттарын сайлауды бірге өткізу қолданыстағы заңнамаға қайшы келмейтінін және қазіргі жағдайда объективті негізделген шешім болып табылатынын атап өтті. Біріктірілген науқан — бұл бюджетті үнемдеу және пандемия жағдайында негізделген әлеуметтік байланыстарды азайту.

Сонымен қатар, К.Петров жекелеген сайлау рәсімдерінің: Парламент Мәжілісі мен мәслихат депутаттарын сайлау кезінде ұсыну, тіркеу және сайлау алдындағы үгіт мерзімдеріне тоқталып, партиялық тізімдерді ұсыну мен

тіркеу мерзімдерін тиісінше 6 күнге қысқарту туралы ұсыныс енгізді.

Мәселен, партиялық тізімдер бойынша сайланатын Парламент Мәжілісінің және мәслихаттардың депутаттарын сайлау бойынша партиялық тізімдерді тіркеу мерзімін аяқталуы бойынша бірінғай тәсілдер үгітті бір мезгілде бастауға және мәслихаттар депутаттарын сайлау кезінде үгіт кезеңін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, К.Петров Орталық сайлау комиссиясы өз құзыретіне сәйкес, әкімшілік-аумақтық бірлік халқының санына сәйкес 2020 жылғы 11 қыркүйектегі №21/323 қаулысымен олардан сайланатын мәслихаттар депутаттарының саны анықталғанын хабарлады.

Барлығы алдағы науқанда 216 мәслихаттың 3276 депутаты сайлануға тиіс. Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары мәслихаттарының 589 депутаты, облыстық маңызы бар қалалардың 36 мәслихатында 596 депутат, аудандардың 163 мәслихатында 2091 депутат.

"Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының кезекті сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың үлгі күнтізбелік жоспарын бекіту туралы" мәселемен Орталық аумақтық комиссиясының орынбасары Ерлан Дауылбаев сөз сөйледі.

Е.Дауылбаев өз сөзінде мәслихаттар депутаттарын сайлау бойынша алдағы сайлау науқанының бірқатар ерекшеліктері бар екенін атап өтті:

Біріншіден, мәслихатқа сайлау алғаш рет саяси партиялардың партиялық тізімдері бойынша өтуде.

Екіншіден, сайлау туралы Конституциялық заңдағы өзгерістерге сәйкес тіксіздік-аумақтық бірліктің аумағында мәслихаттар депутаттарын сайлау кезінде бірыңғай аумақтық сайлау округі құрылады.

Үшіншіден, жиырма тоғыз жасқа толмаған әйелдер мен адамдардың саны партиялық тізімге енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде отыз пайызын құрауға тиіс.

Мәслихат депутаты болып жиырма жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматы сайлана алады. Республика азаматы бір мәслихаттың ғана депутаты бола алады. Кандидаттың бәсеңі сайлау құқығы болуы керек. Яғни, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарындағы отырған азаматтардың сайлануға құқығы жоқ.

Баяндамаға сәйкес мәслихаттар депутаттарын сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді аумақтық сайлау комиссиялары қамтамасыз етеді.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың үлгі күнтізбелік жоспары қабылданды. Соның негізінде әрбір аумақтық комиссия екі күн мерзімде Күнтізбелік жоспарлар қабылдайтын болады.

Осыған сәйкес депутаттыққа кандидаттарды ұсыну кезеңі 2020 жылғы 10 қарашадан бастап 2020 жылғы 4 желтоқсанда жергілікті уақыт бойынша сағат 18-ге дейін жалғаспайды.

Мәслихаттар депутаттығына кандидаттарды тіркеу 2020 жылғы 10 желтоқсанда жергілікті уақыт бойынша сағат 18-де аяқталады.

Сайлау алдындағы үгіт 2020 жылғы 10 желтоқсанда жергілікті уақытпен сағат 18-ден кейін басталады және 2021 жылғы 9 қараша жергілікті уақытпен нөл сағатта аяқталады.

Партиялық тізімдерді тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін бірыңғай тәсілдер үгітті бір уақытта бастауға және үгіт кезеңін 5 күнге арттыруға мүмкіндік береді.

Мәслихаттар депутаттарын сайлау қорытындыларын тиісті аумақтық сайлау комиссиясы сайлау өткізілген күннен бастап бес күн мерзімнен кешіктірмей белгілейді.

Мәслихаттардың сайланған депутаттарын тіркеуді тиісті аумақтық сайлау комиссиясы жүзеге асырады.

"Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттарын сайлау жөніндегі Сайлау құжаттарының нысандарын белгілеу туралы" отырыстың қорытынды мәселесі бойынша Орталық аумақтық комиссиясының орынбасары Ерлан Дауылбаев сөз сөйледі.

Ол екі сайлау науқаны: Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттар бойынша сайлау құжаттарының 42 нысаны дайындалғанын баяндады.

Сайлау құжаттарының ұсынылып отырған нысандары «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес науқанның нақты кезеңдерінде сайлау комиссияларының сайлау рәсімдерін рәсімдеу үшін көзделген.

Біркатар нысандар «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңындағы өзгерістерді ескере отырып, алғаш рет белгіленді.

● МЕРЕЙ

ТЕАТР САҢЛАҒЫНА ҚҰРМЕТ



Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Қызылорда облысының Құрметті азаматы Хусейін Әмір-Темірді қабылдап, Сыр жұртшылығының атынан мерейлі 80 жасқа толуымен құттықтады.

Сб Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы»

Кездесуде өңір басшысы театр саңлағы Хусейін Жүсіпұлының Сыр руханиятының дамуындағы өлеусіз еңбегін атап өтті.

— Қызылорда облыстық театр ұжымы өзіндік жетекшілігінен республикалық фестивалдардан өзге Қазан, Түркияның Конья қаласы, Ұлыбритания, Шотландияда өткен халықаралық театрлар фестиваліне қатысып, жүздеп орындар иеленді. Ұлттық мәдениет пен өнерді қалыптастыру, дамыту мен насихаттаудағы елеулі үлесі үшін театрдың академиялық мәртебе иеленуі — Хусейін ағамыздың шығармашылық еңбегінің жемісі. Облысымыздың мәдени-рухани дамуына үлесіндізді қосып, театр өнерін көтеруге ықпал етіп, ел құрметіне бөленіп, қызмет етудесіз. Сіздердің тәжірибе, ақыл-кеңестеріңіз жастарға аса қажет, — деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы мерейтой иесіне Сыр елінің мәдени-рухани дамуына қосқан ерекше үлесі үшін облыстың ең жоғары марапаты — Қызылорда облысының Құрмет грамотасын табыстады. Дәстүрге сай театр өнері сардарының иығына шапан жауып, сый-құрметін білдірді.

Жиында Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Сайлаубай Жұбаттыұлы Хусейін Әмір-Темірдің 60 жылға жуық саналы ғұмырын қазақ театр өнеріне арнағанын ерекше атап өтті.

— Әр спектакльдің астарында адамдар тағдыры, ең бастысы қазақ елінің рухани өрлеу баспалдақтары жатқандай көрінеді. Сыр бойындағы шаңырақты басқара жүріп, бүкіл

қазақ театр өнерінің мәртебесін көтерді. Хусейінді шәкірттері спектакльді қоюшы режиссер, театрдың көркемдік жетекшісі деп ғана емес, мұр деп атайды. Мен сексенін сегізінде қорғай деген сөзді қосар едім, — деді ол.

Ұлттық өнердің дамуына сүбелі үлес қосқан Хусейін Әмір-Темір 1965 жылы Құрманғазы атындағы мемлекеттік өнер институтын актер мамандығы бойынша, 1972 жылы Мәскеу қаласындағы Луначарский атындағы театр өнері институтының жоғары режиссерлар курсың бітірген. Шығармашылық еңбек жолында Қызылорда, Талдықорған, Алматы, Шымкент, Орал театрларында жұмыс істеп, 200-ден аса спектакльді сахналады.

Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрының ұжымы 2015 жылы Қазақстанның Ұлыбританиядағы күндері аясында Лондон халқына Д.Исабековтың «Екі үйдегі екі кездесу» драмасын ұсынып, 2018 жылғы Шотландияда өткен «Фриндж» халықаралық өнер фестивалінде Хусейін Әмір-Темір сахналаған «Ақбаян» спектаклімен қатысты. Ал, 2019 жылы Өзбекстан Республикасындағы Қ

● БРИФИНГ

COVID-19: қауіп күшейіп келеді

Ғаламның ортақ проблемасына айналған «COVID-19» пандемиясы қайта күшіне мінуде. Әлемнің 188 елінен 41 миллионнан астам адам індетті ілмегіне іліксе, 12 миллионнан астамы аурудың белсенді фазасында болғандықтан бақылауға алынған. Ал қайтыс болғандардың ресми саны 1 млн 120 мыңнан асқан. Елімізде вирус жұқтырғандар саны 110 мыңға жуықтап, жағдай біршама тұрақты деп бағаланғанымен, қауіп басым. Әсіресе, соңғы кезде эпидемиологиялық күрделене бастағаны байқалуда. Мысалы, 19 қазанда елімізде 115 адам ресми тіркелсе, соңғы тәулікте 143 адамнан анықталып отыр. Осы орайда індеттің болжамды екінші толқынына дайындық жұмыстарын пысықтау, қауіпті кеселмен күреске сақдай сай болу – басты міндет.

Сб Айгүл БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Өңірлік коммуникациялар қызметінде облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов, облыстың Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Әлия Әбдіқайымова және облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының емдеу ісі жөніндегі орынбасары Олжас Ысқақовтың қатысуымен өткен брифингте коронавирус инфекциясының болжамды екінші толқынына дайындық жұмыстары жан-жақты баяндалып, қауіпті кеселдің белең алуына жол бермес үшін тұрғындарды сақтық шараларын қатаң ұстануға шақырды.

Өңірде бүгінгі күнге дейін коронавирусы инфекциясымен 3249 адам тіркелген. Анықталған науқастардың эпидемиологиялық ортасы есепке алынып, күнделікті саралануда.

– Аймақта эпидемиологиялық тұрақты болуы үшін тиісті жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар вирустың болжамды екінші толқынына да жан-жақты дайындық жасалуда. Дәрі-дәрмектің екі айлық қоры және 210 инфекциялық төсек-орын бар. Егер ахуал күрделенген жағдайда 3000 төсекке дейін жеткізуге мүмкіндік бар. 200 төсекке арналған модульдік аурухана құрылысы жүруде. Бұған қоса, 244 өкпені

жасанды желдету аппараты бар. Қосымша тағы 7 құрылғы келеді. Бүгінде медициналық ұйымдарға гуманитарлық көмек арқылы 658 оттегі концентраторы жеткізілді. Сонымен қатар, облыста 518 оттегімен қамтамасыз етілген төсек-орын дайын. Жаздағы күрделі кезеңде маман тапшылығы орын алған болатын. Осыған байланысты бірқатар жұмыстар жүргізілді. 79 жедел жәрдем бригадасы қызмет атқаруда. 161 мобильді бригада құрылды. Олар тұрғындардың үйлеріне барып медициналық көмек көрсетеді. Ондағы мақсат – адамдарды шоғырландырмай, мүмкіндігінше үйде болуды қамтамасыз ету, – деді облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов.

Маман тапшылығын болдырмау мақсатында бірқатар жұмыстар атқарылуда. Әсіресе, басқа профильдегі мамандарға арнайы семинарлар өткізу жолға қойылған.

– Коронавирус инфекциясына қарсы күресте мамандар тапшылығын жою мақсатында аймақтық дәрігерлер қауымы 84 жас маманмен толықты. Олар қажеттілігіне қарай қалалық, аудандық мекемелерге жолданды, – деді басқарма басшысының орынбасары Олжас Ысқақов.

– Коронавирус инфекциясы облыста ең алғаш 28 наурызда тіркелген болатын. Содан бері инфекцияның ең көп тіркелген кезеңі бұл – маусым, шілде айлары. Тамыз айында жағдай біршама тұрақталып, эпидемиология жақсарды. 27 тамыз бен 10 қыркүйек аралығында бірде-бір ауру тіркелген жоқ. Бірақ қазан айында 6 жағдай тіркелді. Соңғы төрт жағдай 16 және 19 қазанда анықталып отыр. Осыған байланысты облыс репродуктивті сан жағынан республикада бірінші орынға шығып отыр. Бұл дегеніміз, аурудың тез таралу қаупі басым дегенді білдіреді. Осыған байланысты карантиндік шектеу шараларды күшейтуге жұмыс жасалады. Сондықтан карантин талаптарына бағынып, сақтық шараларын орындаудың маңызы зор. Карантин талаптарының сақталуын бақылау үшін құрылған 24 мониторингтік топ кәсіпкерлік нысандардың эпидемияға қарсы шараларды, санитарлық-дезинфекциялық режимнің сақталуына тексеріс жүргізіп, ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізуде, – деді Ә.Әбдіқайымова.

Брифингте сондай-ақ, Наурызбай Сейткалиұлы індетпен күресте өзін-өзі қорғау институты қалыптаспай нәтиже болмайтынын айтты.

– Ауырған адамға дәрі де, ақша да, лауазым да, атак та ара түспейтінін бастан өткердік. «Сақтансаң сақтармын» деген емес пе, олай болса әрқайсымыз өз денсаулығымызға өзіміз жауапты екенімізді сезініп, сақтық шараларын қатаң ұстануымыз керек. Жағдай әлі де күрделі болғанымен біздің жүйелі бақылауымызда. Бұл бағыттағы жұмыс үзіліссіз жалғаса беретін болады. Күшейтілген карантин жөніндегілгенімен қатаң талаптарды барынша ұстаытын боламыз, – деді облыс әкімінің орынбасары.

● САПАР

ТҮРЛЕНЕ ТҮСКЕН ТЕҢІЗДІ ӨЛКЕ

Бұған дейін хабардар еткеніміздей, Қармақшы мен Қазалыдағы сапар Арал өңірінде жалғасты. Егер сіз аудан орталығына күре жолдан кірген болсаңыз, алдымен ең ұзын Абай атындағы көшемен жүресіз. Жергілікті халық бұл маңды «Жаңа ауыл» деп атайды. Ал осы үлкен көшеден қаз қатар өзеке алып жатқан көп көше бар. Бұларға бұрын асфальт түспеген. Қазір бәрі басқа.

«Жол картасы» бағдарламасы биыл ел тұрмысына елеулі өзгеріс әкелді. Соның шарапаты еді бұның бәрі. Жұмыспен қамтудың тамаша үлгісі болған бағдарламаның арқасында Арал қаласында 33 көше жөнделіп жатыр екен. Жоғарыда айтқан «Жаңа ауылдың» көп көшесі осы шифр ішінде. Қазірдің өзінде 12 көше асфальтталған. Қалған көшелер де жақын арада дәл осылай теп-тегіс болмақ. Айтпақшы аралдық кішкентайлар үлкендердің мазасын алып жүргенге ұқсайды. Не сұрайды дерсіз?! Не сұрасың?! Скутер сұрайды-дағы. Айналай асфальтта скутермен сырғанақ ойынамақшы. Жол салынғалы бала біткеннің қуанышы үлкендерден асып тұр. Бүгінгінің боямасыз тіршілігін бланкотка осылай түрттік де, аудан тіршілігін асықпай қарауға және жұмылып кеттік.

БИЫЛ 600 МЫҢ ТОННА

Жақсықылшы. Осы ауылға жақын қалсаңыз, бозғылттана тау көрінер. Тау деймін ау, тау емес еді ол. Түз ғой. Кәдімгі қара түз. Ал түздың орнын ешнәрсесі алмастыра алмас еді. Анау «погрузчик» деп аталар техника таудай үйілген ас атасын бері қарай тасиды. Өңдейтін цехқа. Иә, құрметті оқырман, әлгі республикадан бөлек, ТМД елдеріне түз дайындайтын «Аралтүз» АҚ осында орналасқан.

Естігеніміздей, мұнда 1925 жылы «Түз» деп аталған шағын артель құрылған. Жақсықылшы қазір кент қой. Кенттің іргезағы осы байлықтың арқасында қағылыпты. Енді есептегі беріңіз. Қанша жыл?! Ғасырға жуық ғұмыр кешіп келе жатқан өндіріс пен ел-жұрт бар мұнда. Дұрысы, 95 жылдық тарихы бар Жақсықылшытын.

5 мыңнан астам халық бар кенттің басым көпшілігі түз өндірісінде. «Аралтүз» 1200 адам жұмыс істейді. Енді бір сүйіншілейтін жаңалық, жақында тағы бір түз өңдейтін цех ашылмақ. Ол ашылса, үш жүзге жуық адам тағы жұмысқа тұрады. Ал кешегі індет қысқанда аудан ауруханасына қыруар қаржы жұмсаған кәсіпорынның мемлекет үшін маңызды екені айтпаса да түсінікті шығар.

– Пандемия кезінде 50 млн теңге қаржыны аудандық ауруханаға аудардық. Карантин кезінде де жұмыс жүріп, қызметкерлерімізді қысқартпадық. Биыл түз өндіруде тамаша көрсеткіш көрсетеміз деген сенім бар. Құрылыстарының шыққан жеріне байланысты екі испан және бір украин цехы деп аталатын түз өңдейтін 3 цех бар еді. Енді бұған қосымша тағы бір испандық үлгідегі цех тұрғызылуда. Жұмысшыларға жатақхана да салынады, – дейді кәсіпорынның әлеуметтік мәселелер жөніндегі вице-президенті Нағашыбай Әуесханов.

Жыл басталғалы 450 мың тоннадан әрі өнім шығарып,



оның жартысынан астамын сырт елдерге экспорттаған өндіріс орны жыл соңына дейін 600 мың тонна түз шығара ала ма?! Сенуге болатын сияқты. Әлі үш ай уақыт бар емес пе?! Солай.

Түздың арқасында тіршілік түтіні түзу ұшқан кентке биыл газ тартылды. Былтыр республикалық бюджеттен 700 млн теңгеге жуық қаржы бөлініп, Аралдан бері он шақырымнан аса құбыр жүргізілген. Кент ішіндегі 32 көше, барлығы 855 үйге газ тұрбалары келді. Шілде айының ортасынан бастап көгілдір отынды пайдаланған тұрғындар бек қуанышты.

– «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында кенттегі №19 орта мектепке қаспарлас 100 орындық оқу ғимараты салынуда. Осы жоба аясында спорт кешенінің құрылысы басталып, бұрын жол түспеген 17 көше дұрысталып жатыр. Алты көшеге жарықтандыру жұмысы да биыл басталады. Ауызсу барлық үйге тартылған. Емхана қызметі, балабақша, жаңа почта, интернет жұмысы толық өз қызметін атқарып тұр, – дейді кент әкімі Пазылбек Берусіров.

Айтпақшы, бір кездері Аралдың тұзы нашар деген әңгіме әр жерден шығып жүрді. Өлемжеліде шұлағандар болды ғой. Қайда, түзды қолданып, дертті болған адам көрмедік әлі. Осындайда әлгі «ішің қүйсе түз жала» дейтін мәтелдің еске еріксіз түсетіні-ай...

ТЕМІР ЖОЛДЫҢ ҚАРАШАҢЫРАҒЫ

Сексеуілге бардық. Аралдан әрірек Тербенбес тауының етегіне жатқан ел бұл. Ел деймін-ау, 13 мың халық бар кент статусын иеленген жұрт. Былайынша, мына облыс орталығына жақын Тереңөзекпен бірдей.

Сексеуіл тіршілігі темір жолмен тығыздас. Ақ патшаның заманында қолға алынған Батыстан Оңтүстік Қазақстанға дейінгі темір жол жобасы тарихтан белгілі ғой. Алаш зиялысы



Мұхамеджан Тынышбаевтың бұған тер төккенін әркім білугі тиіс.

Ол кезде Сексеуілдің аты басқа еді. Құмсай деп аталыпты. Неге Сексеуіл десеніз, темір жол түскенде барлық паровоз көмірмен жүрді. Көмір болмаса, теңіз маңындағы томарлы сексеуілді жакты. Арнайы сексеуіл қабылдайтын база да болған мұнда. Арал маңы туралы жазылған көркем шығармаларда мұндай дерек бар.

Сексеуіл базасының атына осылай станциясы таңылған. 1905 жылы осы жерден құрылған Құмсай шеберханасы бүгінде үлкен тепловоз жөндеуі дейтін депоға айналған. Арада ғасыр асқан уақытта халық саны осылай өсіпті.

– Халықтың 60-70 проценті осында. Алғаш темір жол келгелі жұмысқа тартылған аталарымыздың немере-шөберелері бұл кәсіптен қол үзбеді. Сонда жұмыс істейді. Сонда дегеніміз қазір Сексеуілде темір жол қызметіне байланысты 14 мекеме бар. Біздің негізгі міндетіміз – вагон қозғалысын тоқтатпау. Мысалы, жүк таситын вагондарды Қарағандыдағы Қоскөл бекетіне, сондай-ақ Қазалыға дейін жеткізсек, жолаушылар пойызын Қандыағаш, Шапқарға дейін тасымалдаймыз. Сонау Шиеліден келген тепловоз осында ағытылып ауысып, жанармаймен жабдықталады. 146 машинист, оның 146 көмекшісі бар. Тасымал жұмысы үздіксіз жүріп отырады. Барлығы 418 адам табыс тауып отыр, – дейді Сексеуіл пайдалану локомотив депосының бастығы Жанкелді Төрединов.

Тағы бір қызықты дерек, Ұлы Отан соғысында еркек біткен қару алып, жауды құрт-тама деп аттанғанда, паровоз біткен тоқтап қалмапты. Өйелдер жүргізген. Сенесіз бе, Сексеуілдің келіншектері пойызды тоқтатпай, тіршілік қалпын бұзбаған. Жергілікті халық өткен жылдарды солай еске алады.

Айтпақшы, теңіздің балығын паровоз пешіне де жаққан-мыс. Кәдімгі балық. Бұрын біз естімеген бұл оқиға Ресейге

артқан балықтар күн райынан бұзылғанда паровоз пешіне жағып құртқан деседі. Ілгеріде балықшылар мұз үстінде ау салып жүріп, түйесіне де осы майда шабақты берген көрінеді. Ауыр жылымды тарту үшін түйе алға қозғалуы тиіс қой. Арал балықшылары жылым тартар алдында түйе алдына осындай майда балықты тастай беретін көрінеді. Оны жеймін деп төрт түліктің төресі алға ұмтылған. Әдіс осылай жүзеге асқан. Түйе жарықтық та мұз үстіне шөп шықпайтынын білсе керек. Құдай берген түйсік қой. Соран мен жантақан тарылғанда артына жеккен шанасын сүйрете, одан қалды, жылымды тартып, алдына түскен балықты шетінен кертпін жей беріпті.

Қазак еліндегі теміржолшылар тарихында қара шаңырақ саналатын Сексеуіл жайлы біздің дерек осындағы локомотив жөндеу депосымен толығымен. 250 адамнан астам жұмысшысы бар депо тепловоздарға жөндеу қызметін көрсетеді.

– Былтыр депоға біраз жөндеу өткіздік. Ал мынау «Эвалош» деген тепловозың. Байлайына маркасы ТЭ33А-0209 деп аталады, – деді депо ішін таныстырып жүрген техникалық директор Нұрлан Бөлеков. Жаңа үлгідегі тепловоздың іші сыртынан айналып жүрген біз жұмырына 7 тонна дизель жеткізуге бүгінгі отарбарың сұлбасына сүйенсе қараймыз.

– Жөндеу сапасы жылма-жыл жақсарып келеді. Бұрынғы жіберілген кемшілік пен қателіктер – өзімізге сабақ. Өйткені, темір жолда тәртіп болмаса өзіне де, өзгенің де өміріне қауіп төндіреді. Былтырғы жылмен салыстырғанда мұндай шығындар 50 процентке азайған, – дейді ол.

«Қамкор Локомотив» ЖШС филиалы болып саналатын жөндеу депосы жылда қайырымдылық шараларынан тыс қалмайды. Мектеп пен емханаға көмек беріп, аз қамтылған отбасыларға демеушілік жасауда алда тұр. Қызметкерлердің айлық жалақысы жылда өсіп тұр, одан бөлек, түрлі сыйақы марапаттар жиі ұйымдастырылады.

Сондай-ақ Сексеуіл кентінде Мемлекет басшысының тапсырмасымен 300 орындық мектеп салынауда. Одан бөлек, 40 төсектік аурухана құрылысы да жүріп жатыр.

– Қазір жұмыс істеп тұрған үш орта мектеп, 280 орындық мемлекеттік балабақша бар. Жексе балабақшадан тағы үшеуі бар. Мәдениет үйі мен емхана халыққа қызмет етіп тұр. Алдағы жылы кентке газ кіргізу ойымызда бар. Сондай-ақ кентішілік көшелерде жөндеу кезегі келіп тұр. Бірақ газ кіргізіп болған соң ғана ол көшелер жөнделеді. Олай етпесек, газ жүргізу кезінде кейбір жерлерді қайта қазуға тура келеді, – дейді кент әкімі Сексен Төрешов.

Айта кету керек, 300 орындық мектеп темір жолдың келесі бетіндегі тұрғындар үшін тұрғызылып жатыр. Темір жол өткелінен өтуде қиындыққа ұшыраған халыққа бұл сүйіншілейтіндей жаңалық болғаны рас. Ал ауыл жігіттері асарлатып, өз күштерімен қаржы жинап, жаңа мешіт тұрғызуды қолға алған. Бүгінде бірінші қабаты бітіп, екінші қабатының кірпішін өріп жатқан сексеуілдіктер күн қабағы түспей тұрып, мешіт еңсесін тіктеп алмақ.

Ал біздің аудандардағы сапарымыз әрі қарай жалғасатын болады.

Қуат ШАРАБИДИНОВ,
Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»,
Арал ауданы

Қарқынды өсім, мол өнім



Өңірлік коммуникациялар қызметінде Сырдария ауданының әкімі Талғат Дүйсебаевтың қатысуымен брифинг өтті. Онда аудан әкімі ҚР Президенті Жолдауынан туындайтын міндеттер мен алдағы жоспарлар, ауданда атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады.

Сб Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

Биыл Сырдария ауданы экономикасына 23 млрд теңгеден астам инвестиция тартылған. Көрсеткіш 47,8 процентті құрап, 6 млрд теңгедің құрылыс жұмыстары атқарылды. Жыл басынан бері халықтың өз есебінен 11,4 мың шаршы метр тұрғын үй салынып, өткен жылмен салыстырғанда 0,1%-ке өсіп отыр.

– Елімізде қалыптасқан күрделі жағдайларға қарамастан аудан экономикасы қалыпты дамуда. Осы жылға межеленген индикаторлар мен макро-экономикалық көрсеткіштер орындалу үстінде. Өнеркәсіп саласы бойынша ауданның өндіріс орындары 2,8 млрд теңгедің өнімін өндіріп, өткен жылға қарағанда өнім көлемі 77,2 процентке ұлғайып отыр. Ал есепті мерзімде өңдеу саласында өнім өндіру 73,4 процентке (2,3 млрд теңге) артса, ауыл шаруашылығы бойынша 9,7 млрд теңгедің өнімі өндіріліп, өткен жылдан 2,5 процентке өсті, – деді аудан басшысы.

Биыл аудан дикандары 33,1 мың гектарға егін екті. Оның ішінде, негізгі дақыл – күріш 21,1 мың гектар. Орта есеппен гектарынан 63,5 центнерден өнім алынып, қамбаға 134,2 мың тонна Сыр маржаны жиналды. Бұл – жақсы көрсеткіш. Дегенмен, су тапшылығына байланысты алдағы жылы шаруалар өзге дақылдарды да егулі қолға алмақ.

– Соңғы жылдары Сыр өңірінде су тапшылығы орын алу-

да. Осыған байланысты алдағы уақытта майлы дақылдар, көккөкніс-бақша және мал азығы дақылдарына басымдық беретін боламыз. Мәселен, Инқардария ауылында 5-10 гектар жерге заманауи технологияларды пайдаланып, бақша дақылдары тұқымын өсіру, өндіру жоспарымызда бар. Осыған сәйкес, аудандық бюджеттен 2,4 млн теңге қаржы бөлініп, 18,5 гектар жер учаскесі аграрлық индустриалдық аймақ болып белгіленді, – деді Талғат Тұрсынұлы.

Мұнан бөлек, мал шаруашылығы саласында да өсім бар. «Сыбаға» бағдарламасы бойынша «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ филиалы арқылы жыл аяғына дейін 140 млн теңгеге 234 бас ірі қара алынбақ. Сондай-ақ, Бесарық ауылдық округінде «Абай Даулет» ЖШС-ның құны 300 млн теңгегі құрайтын, қуаттылығы 5000 бас аналық қой, 10000 бас қозы бордақылайтын аланы жұмыс істеуде.

Жаппай кәсіпкерлікті дамыту жаңа жұмыс орындарын ашу мен қоғамдық саяси ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Осы ретте ауданда 2515 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелсе, жұмыс істейтін субъектілердің саны 2278 бірлікке жетіп, 9,5 процентке өскен. Жыл басынан бері кәсіпкерлікті қолдаудың барлық бағдарламалары бойынша 952,3 млн теңгедің 403 жобасы қаржыландырылып, 414 жұмыс



1150 JYL
Al-Farabidīn merейtoiy

ДАНАЛЫҚ ҰСТАНЫМЫ

Адамзат баласын кемелдікке жеткізетін, өркениетке бастайтын бір қол бар, ол – білім мен ғылым жолы. Әлемдік ұстаз дәрежесіне жеткен екі ғалым болса, соның бірі – ұлы бабамыз, түркі ғылымдарының негізін қалаушы Әбу Насыр әл Фараби.

Биыл ұлы данышпан ғалымның туғанына 1150 жыл толып отыр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен осы мерейтойды ел көлемінде арнайы атап өтуде. Еліміздің білім, ғылым ордалары мен мәдениет орталықтарында, музей, кітапханаларда тақырыптық іс-шаралар ұйымдастырылып, баспасөз беттерінде мақалалар жарияланып жатыр. Жастайынан білікті ұстаздардан дәріс алып, Отырар кітапханасынан білім мен ғылымның нәрін татқан, «Адам ақыл-ойының арқасында ғана адам болады» деген қағиданы алдына мақсат етіп қойған әл Фараби бабамыз Шаш, Самарқан, Бұқара, Дамашық, Бағдат қалаларында оқып, өз білімін жетілдіреді.

Көптілікті оның ішінде араб, парсы, түркі, латын, грек және үнді тілдерін жетік біліп, жаратылыстану, философия, логика, этика, тіл бөлімі, музыка салаларын терең меңгергенін көрсетеді. Неміс ғалымы Ш.Штейншейдер әл Фарабидің 120-ға жуық еңбегі, трактаты болды десе, түрік ғалымы Б.Гафуровтың дерегініңше 200-ге жуық еңбектері мен трактат қалған дейді.

Әл Фараби Аристотельдің ғылыми еңбектерін зерттеп, сараптап, дәлелдеп, оған түсініктемес берген, сондықтан бүкіл адамзат оны Аристотельден кейінгі «әлемнің екінші ұстазы» деп атайды. Ғалымның негізгі еңбектерінің бірі – «Фараби энциклопедиясы». Араб жазуымен жазылған бұл еңбектің адамзатқа берері мол, өте құнды, мазмұнды, көлемді. Энциклопедия XII ғасырда латын тіліне, кейіннен неміс, еврей, ағылшын, француз тілдеріне аударылған. Шығыс ғалымы Әбу Әли ибн Сина өзінің іздену жолында әл Фарабидің медицина саласындағы еңбектерін пайдаланып, әрі қарай дамытқан.

Ұлы ғұламаның еңбектерінің ішіндегі ерекше қызықтыратыны – «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты трактаты. Онда «мемлекеттік басқару құрылымы» деген ұғым бар. Бұл еңбекте қаланың құрылымы және оларды басқару жолдарын жан-жақты көрсетіп кеткен. Оң ішінде ауылдардан, көшелерден, үйлерден тұратынын есептеп, қалалардан мемлекет құралатынын, ал мемлекеттер бүкіл әлемді құрайтынын жазған. Қала басшысы 12 қасиетке ие болуы қажет дейді, атап айтқанда, бірінші – оның он екі мүшесі сау, денсаулығы мықты болуы, екінші – айтқан сөзді жылдам ұғып, тез арада игеріп алуы керек, үшіншісі – сөзді тыңдай білетін, жандыда сактай алатын, түсінетін адам болуы абзал, төртіншіден, ақылды, парасатты және ең ұсақ-түйек деген мәселенің өзін назардан тыс қалдырмайтын болуы керек. Бесіншіден, ойларын анық және нақты жеткізетін шешен болуы керек. Алтыншыдан, басшы боламын деген кісі білім мен бейімге махаббаты зор, оқудан шаршамайтын, өзінің рухани байлығын ұдайы жетілдіре беретін адам болуы керек. Жетіншіден, тамақ жеу мен сусын ішу мәдениетін меңгерген, құмарлықты жек көретін адам болуы керек.



**Қ.ҚЫПШАҚБАЕВ,
А.ТОКСАНБАЕВА,
«Болашақ»
университетінің жоғары
колледж оқытушылары**

Әулетінің тарихы кей-кейде өзін ойлағаннан бөлек, мүлде басқа қырынан да ашылып жатады. Өмір қызық... Ес білгелі естіп, біліп келе жатқанымыз: «Біз ұстаың ұрпақтарымыз, немерелеріміз, шөберелеріміз!» Ел бізді көрсе «ұстаың тұқымы» деп құрметтеп тұратын. Кей-кейде құрылыс немесе темірге байланысты жұмысқа араласып, бір тұсы қолдан келмей жатса, айналадағылар таңырқасып: «Аталарың ұста, мынауың не?!» деп жазғыратын. Олай дейтін себебі, атам Сырлыбай қазіргі Түркістан облысы Қоғам ауылында дүкен ұстаған, темірден түйін түйген аймаққа мәлім ұста еді. Кішкентай кезімде көрік үрлеп, қып-қызыл болып қызған темірді балғамен ұрып жатқанын көргенім бар-ты.

Атамның әкесі Ырысбай совет-герман соғысынан қайтпаған. Ал оның әкесі, яғни төлқұжатында тегім ретінде алып жүрген Қалназар бабамыз (Арыстаноб кесенесі жанына жерленген) туралы «жыны бар, ашуы қатты кісі болған» дегеннен басқа әңгіме айтылмайтын. Онда да «ұсталық еткен» деген сөз қатар жүретін.


Бірде қолыма Сейділлахан Елбасыұлының «Манғытай Са-тыпалды ұрпақтары» атты шежіре кітап түсті. Кітаптың «Дандайлар туралы әңгімелер» деген бөлімінде «Байқабыл Меккеге барған. Бөрібайдың шөбересі Маралұлы Байқабыл шамамен 1900-1905 жылдары Меккеге барып, тұрап еткен. Жолсерігі жетімдер, сол кезде отыз жастағы Бұйрабай болыпты. Сөйтіп, Байқабыл қажы атаныпты» деген дерекке кез болдым.

Қалназар бабамның әкесі, аргы бабам Байқабыл туралы әкемнен, ағаларым, апамнан сұрастыра бастадым. Бұл тақырыпты ең білетіні – Сырлыбай-ұлы Мұқан ағам ғана. Оның айтуынша, Байқабыл атамыз әл-ауақты, Құранға жетік, исламдағы бес парызын орындаған, ол кезде алпыстың ол жақ, бұл жағында болыпты. Жылқы-түйесі едәуір бабамыздың бірке жетпіс інгені жетпіс ерке бота туып, көне сенім бойынша оларға ең салмай, Құдайға атап, қажылыққа ұзақ әзірленіп барып аттанған. «Бірге барды» делінген Бұйрабай ол кісінің нұсқасына сәйкес отызда емес, шамасы жиырма-жиырма бір жаста болған. «Атамыз атпен, Бұйрабай атын жетектеп жаяу барып қайтқан екен» деп түйінделді. «Ал сапардың барысын Сырлыбай атам азы-көпті білген» дейді. Бірақ жасаған ортасы Кеңестің қылышынан қан тамып тұрған кезі болғасын, қажының ұрпағымыз деуге қорқып, ұсталықты алға тарта берген қараңды. Себебі өткен ғасырдың 30-50 жылдары осы маңда діни сенім айналасында қуғын қатты болған. Ағамның бұдан басқа ештеңеден хабары жоқ.

Содан Бұйрабай ұрпақтарын іздестіре бастадым. Ол кісі өле-өлгенше «Бұйрабай әжі» атанып кеткен екен. Бертінде, яғни, алпысыншы жылдарға дейін жасаған. Артында қалған ұлы Бөкәмбаб (Бөкеш)осы-дан 25 жыл бұрын қайтыс болып кетті. Бір білсе, әңгімені сол кісі айта алмайды екен. Кейінгілерінен қайран жоқ. Бұйрабай немересі Сәкен: «Әжі болған, естүмізіше, құбыла сапарында жас шамасы орда бұзар отызда екен, жолда ұры-қарақшылар шабуылдапты. Кейбіріне тойтарыс берген, кейбіріне амандықтары үшін адам басы ақы төлеп өткен. Төлесе, қолдарына ортасынан қан бөлінген кесе ұстатады екен. Келесі кездескен қарақшылардың сынық кесесімен бұл кесе киюаласа, тиіспейді де, киюаласа, тағы ақы сұраған» дегеннен басқа ләм демеіді. Амаж жоқ, сол кезеңде қатысты ауыл-аймақ, аудан-төңірегтегі қажылық сапарлар туралы мәліметтер іздей бастадым.

«Іздеген қазынаға жолы-ғады» демекші, оны мен Қаратау өңірі ақындық мектебінің аса ірі өкілі, Жамбылдың өзін ұстаз тұтқан, атақты Құлышшақ ақынға қатысты зерттеулер мен кітаптардан таптым. Айта-лық, 2013 жылы жарық көрген «Қазыналы онтүстік» жина-ғының 96-томында ҚР Журна-листтер одағының мүшесі Ал-мас Ақылбек «Қара дауыл Құлышшақ» бөлімінде «Құ-лышшақ 1904 жылы Меккеге қажылыққа барып, содан қайтып келе жатқанда ауырып, жол үстінде өледі. Оның сүйегінің қай жерге қойылғанын анықтап ешкім айта алмайды. Қасындағы серіктері «Елге сәлем» деген бір ауыз өлеңін ғана айтып келіпті» деп жазған. Сондай-ақ А.Ақылбек «Қажылыққа 1904 жылы барғандардың дені Құ-лышшақтың руластары, яғни санғындар» деп те толықтырған. Бұл орайда санғылмен туыс Манғытайдың Дандай атасы-нан шыққан Байқабыл атамның осы топпен жылжымауы мүмкін бе? Уақыт-мерзімі, мекені бәрі сәйкес келіп тұр. Міне, бізгегі сұраққа толымды жауап.

Тағы бір деректі, яғни, осы сапардың барысына жарық түсі-



Сонымен қатар, негізінен оң-түстік қазақтары маршрут еткен өзбек-парсы жері арқылы емес, Ресей иеліктері арқылы Украина бағытымен жол шек-кен бе дейміз. Бірақ бәрінің

ретіндей жазбаны Махамбетсал Мырзалының «Өмірдің өзі – есеп» кітабынан кездестірдім. Бұл еңбекте автор өз атасы мен нағашы атасының 1904 жылғы шытырманға толы қажылық жолы туралы жазған. Онда не делінген, назар аударалық:

«Өліпбек нағашы атам руы – қонират, Садқбек байдың баласы. Мыңға жасын қой, түйе, жылқы біткен бес ағайынды болыпты. Ескіше оқыған, 1904 жылы қырық жасында қасына жиырма шақты қарияны ертіп, соның бірі менің бабам Жан-дарбек, жасы жетпіске таянған кезде Меккеге қажылыққа бірге барып келген. Аталарымыздың Сауд Арабияға сапары тура-лы мынадай қызық әңгіме осы күнге жеткен.

Бірге барған сапарластары жастары біразға барып қал-ған қариялар екен. Ол кезде Сырдария губерниясы Қокан хандығына қараған, солардан рұқсат қағаз алып, пойызбен Украинаның Одесса қаласына барады. Жылына екі-ақ рет жүретін үлкен кемеге билет алып, енді оның жолға шығуын бірнеше ай күтіп жатады. Ақыры күткен күн де жеткенде «кеменің жүгі ауыр» деп адамдардың көбін мінгізбей қояды. Кеме «Ал, кеттік!» деп гулоқ шалып трап баспалдақтарын көтере бастағанда, Әліпбек нағашы атам шалдарды қоржындарымен бір-біріп кемедегі адамдардың үстіне лақтырып, сонында өзі де секіріп мініп кеткен екен. Осы әңгімеге қарағанда, асқан кара күш иесі, қайратты болуымен қатар, ер жүректі болғаны көрініп-ақ тұр. Содан кеме ай жүзіп Жерорта теңізіне, одан Қызыл теңізге жетіп, Араб елдері жағалауына кідіреді. Айдайтын жаға – пристань жоқ болғандықтан, кеме жағаға 30-40 метр жетпей жорь тастап тоқтайды. Әрі қарай адамдар жүктерін аркалап суды кешіп өтуге мәжбүр болады.

Қажылыққа бара жатқандар-дың ең жасы да, қарулысы да болғандықтан Әліпбек атам та-ғы да үлкен кісілерді бір-біріп жағаға дейін алып өтіпті. Қып-қызыл құмды жағалауда араб кірекештері желмая мен түйеге мінгізіп ойлы-қырлы жерлер-мен алып жүреді. Елден атқа-нарда: «Жол өте қауіпті, ұры-қары мен қаншіер қарақшылар жолдаушылардың ақшалары мен киімдерін тартып алып тонап, өздерін өлтіріп немесе айдалаға ас-сусыз, жалаңаш-жаяу тастап кетеді екен. Күннің ыстығында 45-50 градусқа дейін көтерілген аптап дала-да қалған адам шөлден бір күнге де жетпей өліп қалады» дегенді естіген нағашы атам «әлдекандай күн туар?» деп қоржынына шоқпарын, найза-қылышын салып ала кеткен. Өзі өте қарулы, паулан денелі, бойы екі метрге жасын кісі. Құлазыған құмда жол тосқан қарақшылардың шабуылы-на кездесіп, соғысып, қорғана жүріп аман-есен Меккеге де жетеді. Қажылықтың барлық зиярат-шарттарын атқарып, келген жолымен кері қайтып, жеті-сегіз ай дегенде аман-есен елге оралыпты».

Бұдан не туюға болады? Әрине, Сәкен ағамыз айтқан қарақшылар шабуылы расқа айналғандай мәлімет аламыз.



бәрібір тоғысатын тұсы – Ос-ман билігіндегі атыраптар бол-ғандықтан, бұдан сондай бір кереғарлық шыға қоймасы анық. Айта кетейік, А.Ақылбек те сол жолы қажылыққа бар-ғандарды: «Бұлар да кемемен барған. Ол кездері қазіргідей тізіліп тұрған кемелер жоқ. Сондай-ақ, қажылыққа бүгін-гідей 3-4 миллион емес, санау-лы ғана адам баратыны» деген. Бір-бірімен сабақтастып тұрған дүниелер емес пе, қалай ой-лайсыз?! Тайпа-тайпа, ру-ру болып ұжымдаса күн кешкен заманда, Байқабыл атам мен Бұйрабайдың бөле-жарылмай, меніңше, 1904 жылы әуелі Түркістанда жиылып, жалпы ағайындар топ болып аттануы заңды тәрізді. Әрине, анығын Алла біледі. Бірақ осылай деуге негіз баршылық. Дәл бұл жерде бұлтартпас айғақтардың жоқтығынан біраз батыл бол-жамдар жасауға да тура келеді. Қателесіп жатсақ, аруақтар бізді кешіргей, балкі, қажы атамыз Құлышшақ ақынның соңғы демі үзілер шағында жанында болып, шөһада кәлімасын айтқызып, елге жолдаған ақырғы мына-дай лебізін өз аузынан естіп, жаттағандар қатарында болды ма екен, кім білсін?!

Адамзат келер, келер, жүзге келер, Пендені үйде өлсе де, түзеле көмер. Құдая, иманымды саламат қыл, Ағайын қайда бізді іздеп келер?! Шығып ек біз Меккені бетке тұтып, Барады мына кесел әлімді ұтып. Асылым іште қайнап кетіп барам, Ағайын, кідірмендер мені күтіп. Үш жүздің халқы болсын тегіс аман, Төтелеп келген кесел түрі жаман. Тұрғанбай, елге менен сәлем жеткіз, Алланың аманатын тапсырайын, Қажылық қабыл болар, өлсем, маған. Қаратау есік алды ерттеулі атым, Ішіме жазылып ед барлық хатым. Сәлем де ағайынға Құлышшақтан, Есінде болып жүрер менің атым.

Құлыншақ ортасында жүрген кезде, Тындап ед барша халқым салған әнін. Теңіздің мен ішпедім суын татып, Бұл кесел келді қайдан құдай атып?! Қу жалғыз ағайынға енді аманат, Қайтейін бір көре алмай қалдым жатып...



Негізі атам тұқымдарына моральдық-психологиялық серпіліс үшін осының өзі жеткілікті. Деректі фильм түсір-мейміз ғой, бәрін бұте-шүгесіне дейін анықтап жату мақсат емес. Ең маңыздысы – өткен шақтан тағалымызға толы үшүб сәлем – месседж жетті. Бұл Байқабылдың кіндігінен тараған Қалназар, Бабаанзар (Бабаи), Әбіш, Қамбар, Қошербай, Еру-бай мен Қыдырбай ұрпақтарына және қандас Айғабылдан өр-біген перзенттеріне ынты-мақты болу мен хак жолынан таймау бойынша зор рухани міндет жүктейді. Арамның неге жақпайтыны, залым-қары ай-ласының нәліктен бізге дарып, батпайтыны енді мағұлым бол-ды. Атам Сырлыбайдың да нәліктен қожаларды жағалап, Нұрым ишаннан тарайтын Оты-рара аты мәшһүр атақты ұста Қазқабай, оның ұлдары Зәриәби, Нәбилермен бірге ұсталық өзгерте табын болғаны түсінікті болып шыға келді. Қасиетті топырақ, пайғамбар отанындағы Қағбада қылған дұғасына келер ұрпағын қосқанда, оның шара-патында бізге бар шығармыз деген бір үміт. Бүгінде замана ызғарына қарай ата-әжелеріміз жасырған, қатты дыбысы шы-ғып кетуден қорыққан осын-дай дерегі шығып жатқаны қуаныш емей мемене?! Тек бір өттегенайы – біз есейгенше көне оқиға-хикаяттардың бар-лығын терең білетін көкірегі шежіре қариялардың таусылып біткені. Уақытында аузынан жазып, хатқа түсірушілердің аз болғаны. Бір жағынан, бұл ұрпақ сабақтастығы ғана емес, сана сабақтастығын да сақтау керектігін көрсетіп тұр-ғандай ма, қалай? Айналасы бір ғасырдың ішінде тарихи жады, баба мен бала таны-мы шынықтырып үзіліп кетуі мүмкін екендігін осында-ақ ұқ-қандаймын. Осыны айтып, мү-фаттаға жұмыс істейтін Серікбол Хасан есімді досқа хабарласып, сұйышлеп жатсам, «Атаңыздың қажылығы қабил болсын, қуа-наттыдай бар, мықты дерек. Ол кездегі қажылық азап еді ғой. Олардың қажылығы нағыз ерлік!» деп құттықтап жатыр. Зейін Әліпбек ағам «Енді сені қажының ұрпағы дейміз» деп бір көтеріп қойды. Тағы бір ру-хани ізденістегі бауыр «Бұрын мен де ананы неге жасырған, мынаны неге айтпай кеткен деп ойлайтынмын. Сосын қарап тұрсам, ешкімнен ешкім еш-теңені жасырмайты ғой, жай ғана санаңның өсу деңгейіне, жаныңның тазалығына қарай қуаныштан ашылып отырады екен-міс» деп қазіргі ахуалым-ды бір шолып өткендей болды.

Иә, бір көрген тұстай, ұстаың ұрпағы болып үйкегі жатып, қажының ұрпағы бо-лып оянып жатқан жайымыз бар. Енді өзімізнен өрбігендерге де айтатын өсиетім дайын «Біз қажының ұрпақтарымыз! Адал тұрып, адал өмір сүру – парыз. Ата жолы – осы». Құдай енді, сол кісілердей Алла алдын-да белелді болып, дін биігіне шығуы жазсын! Басқа арман арман ба? Екі тілегімді болса, бірі – осы. Бірей болса – өзі ғана. Иншалла!

**Абылайхан
ҚАЛНАЗАРОВ,**
Түркістан облысы,
Отырар ауданы



Кеңес өкіметінің тұсында жүргізілген саясаттың бірі – индустрияландыру болса, сол бағыттың жемісі, Қармақшыдағы шағын өндіріс орны – Жосалы механикалық зауыты. Біздің өлкеде кен орны болмаса да, индустрияландыруға үлес қосқан Жосалы механикалық зауытының өзіндік даму жолы мен тарихы бар. Зауыт тарихы көнекөз аға ұрпақ пен зауытта еңбек еткен ардагерлерге ғана мәлім, кейінгі ұрпақ осы өндіріс орны туралы біле бермейді.

ЖОСАЛЫ МЕХАНИКАЛЫҚ ЗАУЫТЫ

Кеңес өкіметі тұсында негізі қаланып, кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарында күні-түні еңбек етіп, майданды қару-жарақтың бір түрі – минамен қамтамасыз еткен зауыт ірі өндіріс ошағына айналды. Соғыстан кейін де дүниежүзіне әйгілі болып, 400-ден аса кәсіпорын мен геологиялық басқармаларға өз өнімдерін жіберіп отырды. Мысалы, Куба, Ауғанстан, Иран, Вьетнам, Аргентина, Сирия, Тунис, т.б. мемлекеттерге зауыт өнімдерінің маркасы танымал болған. 1925 жылдың 10 маусымында КСРО Еңбек және қорғаныс Кеңесінің арнайы қаулысымен Атбасар түрлі-түсті металл тресі құрылды. Бұл трест құрамына Қарсақбай комбинаты мыс балқыту зауыты, Байқоңыр көмір шахталары мен Жосалы темір жол станциясының қасынан мыс қабылдап, тиейін қойма кірді. Бұл қойма орнына кейін тұтынушылар одағының дүкендері орналасты. Қарсақбай – қазақ елінің тұңғыш отандық металлургиялық орталығы болатын. 800 шаршы шақырым аумақты алып жатқан бұл жер Қызылорда өңіріне жататын. Жосалы Қарсақбайға ең жақын орналасқан, патша өкіметі кезінде салынған «Орынбор-Ташкент» темір жолының бойындағы станция еді. Қарсақбайда қажетті жүктерді түісмен, атпен 430 шақырым қашықтыққа тасыған. Екі ортада 18 бекет орналасып, осы екі араны жүк керуені 7 күн жүретін. Бұл керуенде 1500 түйе, 1000-нан астам атарба болып, жүк тасыла да, жұмысты үлгерте алмады. Жер қойнауынан табылған мыс рудасын темір жол бойына тасу мақсатында қазіргі зауыт төңірегіне, сол кездегі ең ірі деген 300-350 автомашинасы бар «АМО» маркалы автобаза паркі ашылды. Бұл кәсіпорынның ашылуына септігін тигізген комбинат директоры Иван Васильевич Деев пен ұлтымыздың мақтанышы, атакты академик, «Атбасар түсті металл» тресінің бас геологы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев болды. Ол қыстақтың түкпір-түкпірінде болып, жергілікті халықты өндіріске тартты.

1938 жылғы 19 қазан Қарсақбай зауыты өміріндегі ерекше күн болды. Бұл күні зауыт алғашқы металын және Байқоңыр шахтасы көмір бесте бастады. Болашақ Жосалы механикалық зауытының іргетасы Жосалы автобазасы негізінде қаланды деп айтуға болады. 1930 жылы Жосалы станциясында құрылған автобаза «Қарағанды-Жезқазған» темір жолы іске қосылғанша 9 жыл бойы мыс тасыған. Елімізде ашаршылық болып жатқанда бұл кәсіпорын жүздеген азаматтарды нәубеттен құтқарды. Жоғарыда айтқан темір жолды іске қосылуына, жұмыс көлемінің ұлғаюына орай 1939 жылдың 15 маусымында КСРО Түсті металлургия Халық комиссариатының бұйрығымен Қарсақбай зауытының бұрынғы автомашина жөндеу шеберханасының базасында Жосалы бұрғылау, құрал-сайман зауыты ұйымдастырылды. Бұл зауыт қосалқы тау-кен барлау құралдарын дайындайтын «Түсті металл» тресінің құрамында қалды. Бар-жоғы 3 жүк машинасы, 3 түйе, 7 ат, 3 есек қана болды. Жаңа заманға сай келетін құралдар да берілген жоқ, көпшілігі істен шыққан, тозығы жеткен дүниелер болатын. Жарамды станоктар Қарсақбайға әкелтілді. Сонымен қатар жұмысшы, инженер қызметкерлер ұлттық кадрлар, нағыз мамандар жеткілікті еді. Алғашқы кезде зауытта құю, механикалық цехтар жұмыс істеді, мұнан басқа электр станциясы және қазанда қалыптан бұрғылау құрал-саймандары, шахтадан су тартатын насостар шығарылды. Ол кезде небәрі 142 адам жұмыс істеді.



жылдың 1 сәуірінде арнайы тапсырысты орындауға 13 станок жұмылдырылып, тәуліктік норма 500 данаға жетті. Сөйтіп бір жыл мерзім ішінде Жосалы зауытында диаметрі 82 миллиметрлік мина шығару жұмысы сырттан көмегісіз толығымен атқарылды. 1942 жылы зауыт 627500 жаңа өнім шығарды. Бұл жоспар бойынша 104,9%-ті көрсетті. 1943 жылдың бірінші тоқсанында 82 миллиметрлік шойын минаның 23058 данасы шығарылды. Өндірістік тапсырма 128%-ке артығымен орындалып, еңбек өнімділігі 148%-ке көтерілді. Өнімнің өзіндік құны 5%-ке түсті.

«Барлығы майдан үшін, барлығы да жеңіс үшін» деген ұранмен баргерленген жұмысшылар соғыс жылдарында бүкіл еліміз бойынша жүргізілген екі жүздікшілер қозғалысына да белсене қатысты. Шикізат пен жұмыс уақытын үнемдеу сол уақытта қатаң назарға алынды. Бұл ұсыныстар мақұлданып, алған міндеттемелер зор ықыласпен орындалды. Соғыс жылдарында да социалистік жарыс өрістеді. Оған қатысушы әрбір бөлімнің жұмысшысы – стахановшы, әрбір алтыншы жұмысшы – еңбек екіпіндісі атанды. 1943 жылы сәуір айынан бастап, Халық комиссариаты бұйрығымен арнайы өнім шығарылудан босатылып, кәсіпорындар үшін қосалқы бөлшектер дайындауға ауыстырылды. Зауыт «Главгеолмашинветмет» тресінің қарамағына беріліп, 26 сәуірден бастап әскери бұйым шығару тоқтатылды.

Қалып құю цехы автотранспорт бөлшектерін дайындауға бейімделді. Цех жұмысы тез арада қайта құрылды. Бұрғылау құрал-жабдықтарын шығаратын бұйым тапшы болғанына қарамастан артығымен орындалды. Токарлық станокты жөндеу жұмыстары да тез жүргізілді. Аз уақыт ішінде 38 токарлық станоктардың 13-і, 18 орташа жөнделетін станоктың 9-ы қайта жөндеді. Зауыттың жаңа бұйымдар шығаруға икемделуі жаңа кадрларды қажет етті. Қысқа мерзімде 5 жаңа бұйымның түрі игерілді. Ал 2 ай ішінде 37 жаңа бұйым шығарылды. 1945 жылы зауыт ұжымы аса қиын агрегат КА-300, КА-500 деп аталатын бұрғылау станогын игеріп, оны шығаруға кірісті. Өнім өндіру жоспарын 115% орындады. Жетістікке жету оңай болған жоқ. Барлығы да қолмен атқарылды. Бұл шығарылған өнімнің сапасыз болуына әсер етті. Зауытқа жаңа заманға сай құрал-жабдықтар қажеттілігі біліне бастады. Жұмысшылар мен қызметкерлер берілген тапсырманы жауапкершілікпен орындай алатындығын көрсете білді. Осы кезең зауыт ұжымының шыңдаған үлкен сынақ мектебі болды.

Соғыс аяқталып, зауыт ұжымы қайтадан бейбіт өмірге көшті, 30-дан астам номенклатурамен шығатын өз өнімін барлық одақтық және автономиялық облыстарға жібере бастады. 1940 жылмен салыстырғанда өндіріс өнімін шығару 20 еседен артық көбейді. Соғыстан оралған жауынгерлер еңбек етіп, оның жандануына үлес қосты.

Жылдар өте келе зауыт ұжымы кемшіліктерді жойып, қиыншылықтарды жеңуге ұмтылды. Жоғарыдағы кемшіліктерді болдырмау үшін зауыттағы кәсіподақ ұйымы цехтың және зауыт әкімшілігімен бірігіп отырып, сапалы өнім шығарудың жолдарын іздестірді. Ол үшін ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін зауыт өміріне енгізу және жұмысшылар мен инженер техникалық қызметкерлердің жағдайын жақсарту қажеттілігі туындады. Нәтижесінде жалпы көлемі 350 шаршы метр тұрғын үй, монша, су өткізетін мұнара

мен су тартатын станция салынды. Өндірісте кейбір құралдарды механикаландырды. Мысалы, құрылыс бөлімінде ағаштарды кептіру үшін кептіргіш пеш салынды. Арнайы өнертапқыштық комиссия құрылды.

Зауытта соғыс жылдары және соғыстан кейін түрлі ұлттар еңбек етті. Аудандық архив құжаттарын астарғанда зауыт еңбеккерлерінің көпшілігі қазақ, орыс, шешен ұлты болғандығын, сонымен қатар өзбек, тәжік, корей, татар, еврей, латыш, украин, беларус тіпті финдердің еңбек еткенін анықтадық. 1954 жылы 96 адам еңбек етсе, оның 34-і қазақ, 41-і шешен, 8-і грек, 10-ы орыс, 2-еуі татар, 1-і корей ұлтынан екен.

Сан жылдық тарихы бар Жосалы механикалық зауытында тағдыры тоғысқан түрлі ұлттардың жұмыс істеген кездері мен кейінгі өмірін, олардың ұрпақтарын зерттеу жұмысына арқау етсек, артық болмас еді. Өйткені мұның өзі басқа ұлт өкілдеріне қазақ халқының кенпейілдігін танытатын бірден-бір мәлімет болды.

Шматовтың тұсында цехты қайта құру жұмысы аяқталды. 1956 жылы зауыт маңында балабақша, электростанция, тағы басқа нысандар салынды. Жұмысты көп жағдайда қолмен атқаруға тура келетін. Механикалық цехта детальдарды қолдан таситын, мұны көбінесе көмекші әйелдер атқаратын. Алда механикаландыру мәселесі тұрды. Зауыттағы инженер-конструктор Борис Иванович Ким станок арасына тізбектелген конвеер орналастырды. 1956 жылы Пушкарь бас инженерлік қызметіне келді. Құрылыс бөлімі өз ісіне адал Акмырза Қуатов басқарды. Материалдың жетіспеуіне қарамастан, қыстақ орталығында зауыт демеушілігімен кинотеатр және мектеп салынды. Пушкарьдің басқару тұсында кездескен қиыншылықтарды зауыт әкімшілігі қоғамдық ұйымдармен бірігіп отырып шешуге ұмтылды. Бұл жағдай ұжымда тәртіпті нығайтып, жоғары сапалы өнім шығаруға жумылдырды. Одан кейін келген директор Кобеишовтың ұсынысымен өндірістік қызметті жақсартуда тиісті шаралар ұйымдастырылды.

Он бірінші бесжылдықта зауыт өнімдері шет елге шығарылып, әсіресе Өзара Экономикалық Кеңес мүшелері елдері геологтардың бұрғылау бұйымдарымен қамтамасыз етілді. Шығарылған өнім жайлы сол кезеңдегі Хехословак Социалистік Республикасының мамандарының бірі Миклаш былай деп жазды: «КСРО-да ФКО сүзгішін ЧССР-ға Жосалы механикалық зауыты дайындап, «Союзгестехника» арқылы жеткізілді». 1983 жылы мемлекеттік комиссия сапа белгісін берді. Келесі жылы ФКО сүзгіші Мәскеу қаласындағы «Геоэксп-84» халықаралық көрмеге қатысып, құрмет дипломына ие болды. Зауыттың әрбір шебері мен инженер-техник қызметкеріне НОТ тәрбие саласы, еңбекте өндіріс сақтауды, жаңа техниканы енгізу мен технологияны жетілдіріп, сапалы өнім шығаруға бағыт беріп отырған. 1976 жылы зауыт өнімі мемлекеттік сынақтан өтсе алмаса, 1982 жылы шығарылған өнімнің барлығы бірінші категорияны иеленді. 1983 жылы ФКО жоғары сапамен шығарылып, геологиялық құрал ретінде дүние жүзінде тұңғыш рет Жосалы механикалық зауыттың да жасалып, ірі капиталистік елдердің (АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Сирия, Пакстан, ИОАР) патентіне ие болды.

Тимур ЛЕДЕНЕВ,
Қармақшы аудандық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері



ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Алаштың асыл ерлері

Қазақтың батырлары ұлтымыздың санасында ерліктің, намыстың, әділеттіліктің, адалдықтың және жүрек жұтқан батылдықтың жалауындай желбіреп келеді. Тәуелсіз ел болып қалыптасу тарихында Алаш арыстарының, батырларының ықпалы ерекше болып, олардың ерлігі өшпес із қалдырды.

XX ғасырдың бас кезі саяси өзгерістерге толы кезең болды. Осы уақытта қазақтың оқмаған, сауатты, кәсіби даярлығы заманына сай зиялылары «Алаш» деп атау беріп, ең өзекті саяси-қоғамдық мәселелерді талқыға салып, ұлттық құндылықтарын сақтау мақсатында саяси партия құруды қолға алған болатын. Ахмет Байтұрсынов және оның ізбасар серіктері ұлтымызға дербес автономия алып береміз деген әрекеттерін большевиктердің төңкерісі түйікке тіреді. Коммунистер қозғалысына қарсы тұруға қауқарсыз екендігін білген «Алаш» партиясы шын мәнінде кеңестік билікті амалсыз мойындаған. Ахмет Байтұрсынов қазақты ағарту ісіне, оны аяғынан тұрғызуға қыруар еңбек сіңірген.

Өкінішке қарай, Сталиннің 1925 жылғы 29 мамырдағы «Ақ жол» газеті туралы хатынан кейін Ахмет Байтұрсынов және оның серіктері

«құлшылар» және «шокаенишлар» деп айыпталып, көп кешікпей, 1937 жылы қуғын-сүргіннің жаңа толқынына ілігіп, жазықсыз атылып кетті. Тарихқа зерделей көз салсақ, әр заманда ұлтымыздың батыр тұлғаларының ерлігі, Алаш азаматтарының еңбегі мемлекет құру тәжірибесі мен мемлекетшілдік мүдденің үзілмеген арқауы болды.

Қазақтың Республикасының Тұңғыш Президенті Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасына сәйкес әрбір істі жаңғырта көрсетіп, өскелең ұрпақтың бойына ұлт құндылықтарын сіңіру әрбіріміз үшін мандызы бола бермек. Бұл біздің ортақ мүддемізге айналуды тиіс.

Нәзімді БҮРІСҰЛЫ,
зейнеткер
Жаңақорған ауданы,
Келінтобе ауылы

Салық төлеушілердің назарына!

2020 жылдың 1 қарашасынан 30 қарашасына дейін Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасында жөндеу жұмыстары жүргізілуіне байланысты «Қызмет көрсету орталығының» қызметі толықтай қашықтықтан жұмыс жасауға көшіріледі. Орталық қызметі төмендегідей жүргізіледі:

- Электронды түрде көрсетілетін мемлекеттік қызметтер тек электронды түрде жүзеге асырылады.

- Электронды түрде көрсетуге жатпайтын мемлекеттік қызметтер «Электронды үкімет» порталының өтініштері беру сервисі арқылы жүргізіледі.

- Кеңестер алу үшін 1414 немесе 77242/ 23-50-58, 23-71-85 телефон нөмірлеріне хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының электронды пошталық мекен-жайы: kyzylorda@taxkzil.mgd.kz

Сіздерге түсіністікпен қарағандарыңыз үшін шыншай алғысымызды білдіреміз және келтірілген қолайсыздықтар үшін кешірім сұраймыз.

Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ақ босаға» әйелдер қоғамдық бірлестігі 2020 жылдың 11 қарашында сағат 15.00-де қоғамдық бірлестіктің жалпы жиналысы Қызылорда қаласы, Скатков көшесі 107 а үйде өтетінін хабарлайды: Күн тәртібінде:

1. «Ақ босаға» әйелдер қоғамдық бірлестігінің құрылтайшыларын қайта сайлау туралы.

«Ақ босаға» әйелдер қоғамдық бірлестігі

ХАБАРЛАМАЛАР

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (21-01-01). «Арысқұм кенішінде мұнай жинау жүйесі. №237, 238 ұңғымаларынан аралық құбырлар тарту» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертүлерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертүлер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.kz электронды пошталық арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (21-02-01). «Қызылқия кенішінде мұнай жинау жүйесі. №362, 363, 364, 365 ұңғымаларынан аралық құбырлар тарту» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертүлерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертүлер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.kz электронды пошталық арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (21-01-02). «Арысқұм кенішінде 237, 238 ұңғымаларын электрмен жабдықтау» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертүлерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертүлер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.kz электронды пошталық арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (21-03-

01). «Система сбора нефти на месторождении Майбулак. Выкидная линия от скважины №46» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертүлерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертүлер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.kz электронды пошталық арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (21-03-02). «Майбулак кенішінде 46 ұңғыманы электрмен жабдықтау» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертүлерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертүлер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.kz электронды пошталық арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (21-01-02). «Арысқұм кенішінде 237, 238 ұңғымаларын электрмен жабдықтау» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертүлерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертүлер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.kz электронды пошталық арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (21-01-02). «Арысқұм кенішінде 237, 238 ұңғымаларын электрмен жабдықтау» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертүлерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертүлер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.kz электронды пошталық арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (21-03-

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы Жаңақорған ауданының әкімі Руслан Рүстемовке ағасы

Дастан Ахметұлының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

